

**Ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша  
комиссия отырысының №3 хаттамасы**

**Күні: 14.11.2017ж**

**Қатысқандар : 6**

**Қатыспағандар: жок**

1. Мектеп директоры: Ш.И.Мурсалова
2. Хатшысы – Г.Н.Сунатуллаева - тәрбие ісінің меңгерушісі
3. Төрайым орынбасары - А.К.Жаскенова - әлеуметтік педагог
4. Комиссия төрайымы - С.Т.Солтанова -ата-аналар комитетінің төрайымы
5. Мүшелері- А.К.Жабагина - медбике
6. Мүшелері- А.М.Жылкыбекова

**Күн тәртібінде:**

1. Комиссия құрамы мектеп асханасының материалдық техникасын тексеру
2. Мектептің әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың құжаттарын қарау.
3. Кезекшілік атқаратын жауаптыларды тыңдау.
4. Тегін ыстық тамақтың сапасын бақылау.

**Тыңдалды: 1. Комиссия құрамы мектеп асханасының материалдық техникасын тексеру**

- мектептің директоры **Ш.И.Мурсалова** сөз алды. Жаңа 2017 оқу жылында мектеп асханасына материалдық жағдайы біртіндеп жаңартылады. Қосымша ыдыс-аяқтар мен керек заттар алынады. Қазіргі уақытта оқушылардың тамақтануына қажетті ыдыс-аяқтар жеткілікті.

**Тыңдалды: 2. Мектептің әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың құжаттарын қарау.**

- мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі **Г.Н.Сунатуллаева** сөз алды.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік қорғалмаған отбасыларының құжаттарын тексеру барысында әр балаға жеке жұмыс папкасы басталған. оның ішінде отбасының тізімі, Акті, әлеуметтік категориясын растайтын қағаз, өтініштер тіркелген. Әлеуметтік мектептің картасын сынып жетекшілердің тапсырған мәліметі бойынша есептеп шығардық. Қорытындысы мынадай: барлық бала саны-327, жетім-3, толық емес отбасы-26, жартылай жетім-14, көп балалы-35, жайсыз жанұя-0, аз қамтамасыз етілген - 56, тубинфицированный-0, тубконтакті-2, тубвиразды-7, арнайы дәрігерлік топта-13, «Д» есепте-24, өгей әкемен тұратындар-3, мектепішілік бақылауда-2.

Жаппай білім қорынан 79 оқушы тегін тамақтанады. Бір күндік ыстық тамақ бағасының құны 225 теңге тұрады. Ыстық тамақ үлкен үзілісте беріледі. Ыстық тамақтың сапалы берілуін және асхананың санитарлық жағдайын медбике А.К.Жабагина бақылайды. Оқушылардың ыстық тамақты уақытылы ішуін тәрбие меңгерушісі Г.Н.Сунатуллаева үнемі бақылайды. Тізімде аз қамтамасыз етілген,



жетім, көп балалы отбасылардың балалары тіркелген. Және де 9 бала тегін ыстық тамақпен демеушіліктен қамтылып отыр. Демеуші мектеп асханасының арендаторы Ж.К.Сүлейменова.

**Тыңдалды: 3. Кезекшілік атқаратын жауаптыларды тыңдау.**

**- Мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Н.Сунатуллаева сөз алды.**

Мектеп асханасының кезекшілігі бойынша әр жауапты комиссия мүшелері атқарылып жүрген күнделікті жұмыстарын баяндалды. Онда үлкен үзіліс кезінде мектеп оқушылары тегін тамақтанады. Оқушылардың тамақтануы бойынша күнделікті бақыланып отырады.

**Тыңдалды: 4. Тегін ыстық тамақтың сапасын бақылау.**

**-Мектеп медбикесі А.К.Жабагина сөз алды.** Мектеп асханасының санитарлық талаптары толық орындалып отырады. Тәулікке алынатын тамақ жеке құтыға толтырылып отырады. Күні бекітіледі. Оқушыларға берілетін тамақтың сапасы күнделікті бақыланып отырады. Санитарлық талаптар бойынша біраз атап айтарлық жұмыстар орындалды.

#### **Қаулы қабылданды:**

1. Мектеп асханасының қажетті материалдық - құрал жабдықтар қамтамасыз етіп отыруымыз керек.
2. Мектептің әлеуметтік категориялары үнемі бақылауды болу керек.
3. Кезекшілік уақытында атқарылу керек. Оқушылардың дұрыс тамақтануы мен уақытында келуін бақылау керек.
4. Тамақтың сапасына қатаң мән беру.

**Комиссия төрайымы**



**С.Т.Солтанова**

**Комиссия хатшысы**



**Г.Н.Сунатуллаева**